

2020 жылға арналған Атбасар ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № а-11/472 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 қарашада № 7508 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, 27-бабының 1-тармағының 2), 3) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2020 жылға арналған Атбасар ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. 2020 жылға арналған Атбасар ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Б.Бекбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі

А. Уисимбаев

Атбасар ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 15 қарашадағы
№ а-11/472 қаулысына
1 қосымша

2020 жылға арналған Атбасар ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	"Atbasar grain" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	1,4
2	"INTER TRADE" (ИНТЕР ТРАЙД) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	1,2
3	Атбасар ауданы әкімдігінің жанындағы "Атбасар су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	242	0,4

Атбасар ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 15 қарашадағы
№ а-11/472 қаулысына
2 қосымша

2020 жылға арналған Атбасар ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	"Atbasar grain" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	1,4
2	"INTER TRADE" (ИНТЕР ТРАЙД) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	1,2
3	Атбасар ауданы әкімдігінің жанындағы "Атбасар су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	242	0,4